

Канзаши - шашқа арналған әшекей



Өскемен қаласы

Мазмұны

Канзаши тарихы
Материалдар және құралдар
Қауіпсіздік техникасы
Домалақ гүл күлте
Үшкір гүл күлте
Экономикалық есебі
Пайдаланылған әдебиеттер

КАНЗАШИ ТАРИХЫ

Шамамен осыдан 400 жыл бұрын, Жапонияда әйелдердің шаш сәндеу стилі өзгерді: әйелдер түзу шашты қызықшыл және назды үлгіде қоя бастады .

Шашты ретке келтіру үшін әр түрлі заттарды қолданды – шаш түйреуіштер, таяқшалар, жоталар. Жапондық канзаши (kanzashi) – бұл жапон әйелдерінің дәстүрлі шаш қоюына арналған ұзын шаш түйреуіштері. Олар ағаштан, лак, күміс және тасбақа сауытынан жасалған.





Канзаши тарихы (немесе «канзаси») түп негізі 18 ғасырға кетеді. Бұл кезде Жапонияда шашты жоталармен және көп мөлшердегі шаш түйреуіштерімен әсемдеу сәнді болды. Сол уақытта канзаши таспасынан жасалған гүлдер әйелдер киімінің таптырмас аксессуары болды. Ол жай ғана өнер туындысы емес, сонымен қатар, әлеуметтік статусты, отбасы жағдайын және иесінің мінез – құлқын көрсетті. Кей кездері канзаши бағасы кимоно бағасынан қымбат тұрды. Ғасырлар өте канзашидің түрлері көбейе түсті, қазіргі кезде— хана-канзашиі танымал (Hana kanzashi). Бұл әшекей гүл түрінде жасалған. Дәстүрлі хана-канзашиін жібектің шаршы тілімдерінен жасалады және олар цумами (tsumami) техникасы бойынша қысқыштардың көмегімен бұрылып қойылады. Әрбір жібек шаршы тілімдерінен бір гүл күлте жасалады. Содан кейін гүл күлтелері желіммен жапсырылады немесе жібек жіптеріне жалғастырылады. Канзаши гүлі дайын. Әрине нағыз **канзаши гүлін** дайындау үшін жапон ұсталарына көп уақыт қажет.



МАТАДАН ЖАСАЛҒАН ГҮЛ ШАШ ҚЫСТЫРҒЫШЫ.





Ұстаның жұмысынан кейін жай тарақ – жота өте әдемі өнер туындысы болатын аксессуарға айналады.. Жапон әйелдерінің дәстүрлі костюмдері қолдан жасалған әшекейлердің болуына рұқсат бермеді, сондықтан шаш бұйымдары басты сәндік және өз ойын білдіру құралы болды, сонымен қатар мәнер мен иесінің ақша мөлшерін көрсетті. Жапон қыздары сәндік шаш қоюында жиырма қымбат канзашиды қолданды.



Жапондық kushi (жоталар) және kanzashi (шаш түйрегіштер) әйел мінезін, әлеуметтік жағдайын және отбасылық статусын көрсетті. Әйелдердің шаш әсемдеуіне қарап олардың қандай әлеуметтік классқа жататынын, тұрмыста ма әлде жалғыз ба, олардың жасын сонымен қатар қанша баласы бар екенін айтуға болатын.. Осылайша шашқа арналған бұйымдар жапон әйелдерінің гардеробында маңызды рөл атқарды . Кей уақыттарда шашқа арналған бұйымдар бағасы ең қымбат тұратын жібек кимононың бағасынан асып түсті. Қазіргі заманның басына дейін, kanzashi сәндік шаш жоталары мен шаш түйреуіштері жапон сән үлгісі мен әлеуметтік мәдениетінің маңызды бөлігі болды.

БҮГІНГІ КАНЗАШИ



Қазіргі уақытта канзашиді көбінесе қалыңдықтар және кимоно киетіндер немесе кимономен кәсіби байланыстағы адамдар тағады . Әйткенімен қазіргі кезде жас жапон әйелдерінің арасында канзашиді өздерінің шаштарына әсемдік және кербездік үшін де қолданады.





**ШАШ
ҚЫСТЫРҒЫШТАР
МЕН БУҒЫШТАР**









Ободок



© Страна Мастеров





МАТЕРИАЛДАР

- Әр түрлі қалыңдықтағы Атлас таспалары
- Мата тілімдері (жібек, органза және тб.)
- Жіптер
- Моншақтар, бисер, түймелер...
- Леска
- Шаш қыстырғыштар, ободоктар, шаш бұғыштар, шаш түйреуіштері...



ҚҰРАЛД

- ▣ Қайшы
- ▣ ҚЫСҚЫШ
- ▣ СЫЗҒЫШ
- ▣ Ине, түйреуіштер



Сонымен қатар желім, оттық (шам, сіріңке, желім – пистолет)

ҚАУІПСІЗДІК ТЕХНИКАСЫ

- ▣ Қайшымен жұмыс кезінде
- ▣ Ине және түйреуішпен жұмыс кезінде
- ▣ Желіммен жұмыс кезінде
- ▣ Отпен жұмыс кезінде

Домалақ гүл күлтелерін жасау

1 Таспадан шаршы қию




2 Шаршыны диагонали бойынша бүгу





3 Үшбұрыштың бүйір бұрыштарын астынғысымен қосу (шаршы аламыз)



4 Шаршының шеткі бұрыштарын тегіс жағының ортасына қосу



5 Жапырақты ортасына бүгу



6 Түйрегішпен қадау

7 Шеттерін күйдіреміз




8 Домалақ гүл күлтешелерін аламыз


Күлтенің бет жағы



Күлтенің теріс жағы



9 Негізін желіммен жағамыз және матамен қаптаймыз



10 Негізге желім жағып шеңбер бойымен гүл күлтелерін жапсырамыз



Үшкір гүл күлтелерін дайындау

Таспадан шаршы қию



2 Шаршыны диаганалы бойымен бүгу



3 Шет бұрыштарын қосамыз



4 Бұрыштарды қайта қосамыз

күйдіреміз (бекітеміз)



5 0,3 – 0,5 см бұрыш қиып алу

6 Шеттерін
күйдіреміз



7 Негізін желіммен жағып
шеңбер бойымен гүл
күлтелерін жапсырамыз



8 Гүлдің ортасын
моншақпен
безендіреміз



Экономикалық есебі :

Атлас таспалар (екі түсті) - 2метр. 20 тенге.

Шаш ұстағыш - 110 тенге.

Барлығы - 130 теңге.

**Сауда орындарында бұл әшекей бұйымның
құны -450 теңге .**

Пайдаланған әдебиеттер:

- ▣ 1. “Лена рукоделие” журналы .
- ▣ 2. Ғаламтор қоры.

Сізде жасап көріңіз!

**НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА
РАХМЕТ!**